



QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI

## №35 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

### Ұлттық Банк номиналы 200 теңгелік монетаны 2020 жылы айналысқа шығарады

2019 жылғы 17 қазан

Алматы қ.

Қазақстан Ұлттық Банкі 2020 жылы номиналы 200 теңгелік монетаны айналысқа шығарады. Ұлттық Банктің маңызды міндеттерінің бірі қолма-қол ақша айналысында жүрген қолма-қол ақшаның сапасын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл банкнотты эстетикалық тұрғыдан қабылдау, оның санитарлық қауіпсіздігі және қорғалу мәселесі.

«Төмен номиналдағы банкноттар 1-1,5 жыл ішінде тозады. Салыстыру үшін, жоғары номиналдағы банкноттар және монеталардың қолданылу мерзімі көбірек. Монеталардың қолданылу мерзімі – 10-15 жыл», - деді Қолма-қол ақша айналысы департаменті басшысы Жомарт Қажмұратов.

| ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ   |  |
|---|--|
| БАНКНОТТАР  | МОНЕТАЛАР  |
|  |  |
| 1-1,5 ЖЫЛ   | 10-15 ЖЫЛ  |
| <small>200 теңгелік банкноттар қолданысқа<br/>2006 жылы енді</small>                |  |

Қолма-қол ақша айналысын тиімді ұйымдастыру және төмен номиналдардың қолданылу мерзімін ұлғайту мақсатында, Ұлттық Банк номиналы 200 теңгелік айналыстағы монетаны шығару туралы шешім қабылдады.

«Номиналы 200 теңгелік банкноттар заңды төлем құралы болып қалады және төлемдердің барлық түрлері бойынша қабылдануға міндетті. Олар табиғи тозуына қарай айналымнан алынатын болады», - деді Ұлттық Банктің өкілі.

Номиналы 200 теңгелік айналыстағы монеталарды айналысқа шығарудың жоспарланып отырған көлемі айналыстағы монеталардың жалпы сомасының 26%-ын құрайды.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады

+7 (727) 330 24 52 (1452)

+7 (727) 2704 596 (3930)

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)